



б а н к т е р г е

ж і б е р с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк  
Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының  
2000 жылғы 13 қазандағы  
N 390 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағында чектерді  
қолдану туралы ережеге өзгеріс пен толықтыру

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану туралы ережені бекіту туралы" V980662\_1998 жылғы 5 желтоқсандағы N 266 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану туралы ережеге мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1. 5-тармақ мынадай мазмұндағы 14) тармақшаман толықтырылсын:  
"КОд (ақша жіберушінің коды), КБе (бенефициардың коды) және КНП (төлем белгілеу коды) бағандары".

2. 23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
"23. Чек беруші чек берген кезде осы Ереженің 5-тармағының 12) және 14) тармақшаларында көзделген деректемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 25 сәуірдегі қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және

ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесіне және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының

мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесіне сәйкес қоятын болады."

Ұлттық Банк  
Төрағасы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК